

# ҒЫЛЫМНЫҢ ЖАҢА МУМКІНДІКТЕРІ ТАҢЫСТЫРЫЛДЫ

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіндегі ғылым және жоғары білім саласының дамуына арналған маңызды кездесу өтті. Іс-шараға ғылым және жоғары білім вице-министрі Динара Щеглова, университет ректоры Дархан Ахмед-Заки, министрлік өкілдері, ғалымдар мен оқытушылар қатысты.

Кездесу барысында университет алаңында ұйымдастырылған ғылыми жобалардың көрмесі таныстырылды. Ғылым және жоғары білім министрлігі ғылыми жобалар бағдарламасының басшысы Ринат Елшібеков Шымкентке сапарының негізгі

мақсаты өнірлік университеттермен, есіресе, Оңтүстік Қазақстан университетімен ғылыми-инновациялық ынтымақтастықты дамыту екенін атап өтті.

«Бұғандегі бұл оқу орнында 40-тан астам ғылыми жоба жүзеге асырылып жатыр. Соның ішінде ком-




мерцияландыруға бағытталған кремний өндірісі мен фарфор өндірісіне қатысты бастамалар да бар. Бұл жобалар болашақта нақты өндіріс орындарының ашылуына жол ашады», – деді ол.

Министрлік тарапынан бұғандегі 70-тен астам ғылыми жобага қолдау көрсетілген. Солардың ішінде Оңтүстік Қазақстан университетінің де бірнеше бастамасы женимпаз атанды. Вице-

министр Динара Щеглова өз баяндамасында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес білім және ғылым саласында жүргізіліп жатқан жүйелі реформалар туралы кеңінен айтып берді. Оның айтудың білім беру жинақтау жүйесі, өнірлік кадрлық қажеттіліктерді айқындау, жасанды интеллект пен цифрлық білім беру бағдарламаларын енгізу сынды бастамалар – адами капиталды дамытудағы маңызды қадамдар.

# ҒЫЛЫМНЫҢ ЖАҢА МУМКІНДІКТЕРІ ТАҢЫСТЫРЫЛДЫ



(Жалғасы.  
Басы 1-бетте)

«Мемлекет пен қоғам бірлесе отырып, сапалы білім мен бәсекеге қабілетті үлт қалыптастыру үшін ең бек етуіміз керек», деді вице-министр Сондай-ак, Диана Шеглова биылғы жаңалықтардың бірі – бірыңғай орта білім беру жинақтау жүйесі екенін мәлімдеді. Бұл бастама аясында ата-аналар мен мемлекет білім беру шығындарын бірге көтеретін болады. Сонымен қатар жеңілдетілген білім беру кредиттері мен арнаіы гранттар бөлініп отыр.

Кездесу барысында М.Әуезов атындағы ОҚЗУ ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректоры Ұлан Сүлейменов университеттің соңғы жылдардағы ғылыми жетістіктерін жеткізді. Оның сөзінше, 2023 жылы университеттің жүзеге асырылған ғылыми жобалардың құны 1 миллиард 422 миллион теңгеге құрады. Ал, биыл қол қойылған келісімшарттардың құны 3,6 миллиард теңгеге жетті. «Гылымды дамыту үшін халықаралық жобалар мен жергілікті серіктестіктерді белсенді түрде дамытып жатырмыз», – деді Ұлан Сүлейменов.

Сонымен қатар, университет жасанды интеллект саласындағы ғылыми бағыттарды да дамыта бастаған. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, білім беру бағдарламалары жаңа технологиялар-



га бейімделіп жатыр. Ұлан Сейітханұлы атап өткендегі, университеттегі кадрлардың орташа жасы төмендей, жас ғалымдардың саны артып келеді. Бұл – университеттің жаңа деңгейге көтерілгенінің нақты көрінісі.

Іс-шара соңында ғылыми-инновациялық сессия өткізу, гранттық конкурстарға қатысу белсенділігін арттыру және жеке сектормен ынтымактастықты күшешту бағытында нақты міндеттер қойылды. Биыл ғылым саласын қаржыландыру көлемі де едәуір артып отыр. Мәселен 2027 жылға дейін 543 миллиард теңге бөлінбек. Бұл қаражат бағдарламалық-нысандылық, гранттық және коммерцияландыру жобаларына бағытталады. Осындағы ауқымды жұмыстар Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі жогары білім мен ғылымның дамуына тың серпін берері сөзсіз.

Жадыра МУСІЛІМ